

## Еуразиялық үкіметаралық кеңестің 2020 жылғы 10 сәуірдегі № 2 шешімінің 2-тармағына өзгеріс енгізу туралы

Еуразиялық үкіметаралық кеңестің 2022 жылғы 21 маусымдағы № 1 шешімі.

2015 жылғы 16 қазандағы Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына тауарларды әкелу мен олардың айналымының кейбір мәселелері туралы хаттаманың 3-бабын іске асыру мақсатында және 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 16-бабының 1-тармағы негізінде Еуразиялық үкіметаралық кеңес **шешті**:

Еуразиялық үкіметаралық кеңестің "Еуразиялық үкіметаралық кеңестің 2016 жылғы 12 тамыздағы № 5 шешіміне өзгеріс енгізу туралы және сериялық өнімнің шығарылған жері туралы сертификатты қолдану туралы" 2020 жылғы 10 сәуірдегі № 2 шешімінің 2-тармағының бірінші абзацындағы "2022 жылғы 1 тамыздағы" деген сөздер "2023 жылғы 31 желтоқсандағы" деген сөздермен ауыстырылсын.

### Еуразиялық үкіметаралық кеңес мүшелері:

Армения	Беларусь	Қазақстан	Қырғыз	Ресей
Республикасынан	Республикасынан	Республикасынан	Республикасынан	Федерациясынан